

Сабақ тақырыбы:

Әлем елдері жаһандық
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
дағдарысты қалай жеңіп
шықты?

Оқу мақсаттары:

- *әлем елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы кейнсианизмнің рөлін сипаттау;*
- *жаһандық экономикалық дағдарыстан шығудың (АҚШ, Германия, Италия, Ұлыбритания) түрлі жолдарын түсіндіріп, фактілерді, процестерді, оқиғаларды салыстыру*
- *тарихи оқиғаларға балама көзқарастарды талдау негізінде қорытынды жасайды*

Бағалау критерийлері:

- әлем елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы кейнсианизмнің рөлін сипаттайды;
- жаһандық экономикалық дағдарыстың (АҚШ, Франция, Германия, Ұлыбритания) түрлі жолдарын түсіндіреді, фактілерді, процестерді, оқиғаларды сәйкестендіреді;
- тарихи оқиғаларға балама көзқарасты талдау негізінде қорытындылар жасайды.

Терминдермен жұмыс жасау:

Демпинг - экспорттер-өндірушілердің сыртқы рынокта тауарларын ішкі бағадан төмен бағамен сатуы.

Девальвация (лат. de - күшін жою; valeo — мәнді, құны бар) - халықаралық қаржы нарығындағы, ұлттық қаржы бағамының төмендеуі, қаржы қорының азаюы, мемлекеттің төлейтін теңгерімі және тез арадағы сауданың төмендеуімен байланысты, ұлттық ақша бірлігінің тұрақты құндылығының заңды дәрежеде төмендеуі, құнсыздануы.

Протекционизм – қолдампаздық, мемлекеттің ұлттық экономиканы шетелдік бәсекеден қорғау жолымен оның дамуына жәрдемдесетін экономикалық саясаты.

Кейнсианство - 1929-1933 жж. әлемдік экономикалық дағдарыстың себептері мен одан шығу жолдарын анықтау мақсатында туған Дж. М. Кейнстің экономикалық ілімі.

Экономиканы мемлекеттік реттеу теориясы және Дж.М. Кейнс теориясының тұжырымдамалары.

(Т) (ҚБ) 1. «Фишбоун» әдісін қолданып, АҚШ, Германия, Франция, Ұлыбритания сияқты елдердегі ұлы депрессияның салдарын зерттеңіз.

Фактілерді, процестерді, оқиғаларды сәйкестендіре отырып, жаһандық экономикалық дағдарыстың (АҚШ, Франция, Германия, Ұлыбритания) түрлі жолдарын анықтаңыз.

- 1- АҚШ
- 2- Германия
- 3- Италия
- 4- Ұлыбритания


Топтық жұмысты бағалау критерийлері:

- мазмұнға сәйкестік
- дәлелді қорытынды

1 топ 2 топты бағалайды, 3 топ – 4-ші топты, 2 топ -3-ші топты, 4 топ - 1-ші топты бағалайды.

«Фишбоун» әдісі

Қолданған іс-шаралар



Салдары (фактілер)

• Нью-Йорк қор биржасында 1920-шы жылдары бұрын-соңды болмаған қызба:

акцияларды алыпсатарлық мақсаттарда жасанды бағалауы және қылмыстық жолмен алынған «ақшаны жылыстату», акцияның бағасы қол жеткізбейтін шулы биіктікке әкелді және акциялар құны төмендеп, «қара сейсенбіде» акциялардың «көшкіні» басталды. АҚШ-тың қаржылық жүйесі құлдырап, содан кейін бүкіл әлемнің қаржысы күйреді. Айналыстағы ақша ол азайып, экономикалық белсенділіктің төмендеуіне әкеп соқты.

ТЕРЕҢДІГІ: өнеркәсіптік өндіріс = XX ғ. басындағы көрсеткіштермен тең

болды, 1/3-1/5- жұмыссыздар; әлеуметтік жағдай қалыпты деңгейден асып түсті (әлеуметтік мәселелерді кім шешетіні туралы сұрақ туындады, қандай механизмді іске қосу керек)

Ұзақтығы: 1929-1933 жж., бірақ экономиканы қалпына келтіру екінші дүниежүзілік соғысына дейін созылды.

Әлемдік экономикалық дағдарыстың жалпы белгілері:

- Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлемдік экономикадағы АҚШ рөлінің өсуі;
- қор биржаларында алыпсатарлық операциялар;
- банктер инвестицияларды нақты өндіріске жасаған жоқ;
- XIX ғасырдың еркін бәсекелестік нарық экономикасының әлсіз сипаты;
- жаппай өндіру жаппай тұтынушыны таппады.

Дағдарыстың салдары:

Экономика дағдарысы

1929-1933

К Е Й Н С Т А Н С Т В О
Экономикасы мемлекеттің
реттеуінде

ЛИБЕРАЛДЫҚ-ДЕМОКРАТИЯ
РЕФОРМАЛАР ЖОЛЫ

күшті орталық билігі бар, парламенттік
жүйесі дамыған елдер үшін

Тоталитарлық репрессиялар
ЖОЛЫ
орталық билігі әлсіз,
парламентаризм дамымаған
елдер үшін

1. Дағдарыстан шығу жолдарының қайсысы:

- тиімді болып табылды;
- әлеуметтік бағытталған;
- ұлттық экономиканың дамуына ықпал еткен;
- халықаралық тәжірибе үшін құнды болды.

2. Рузвельт, Гитлер, Халық майданы саясаты кімнің мүддесін қанағаттандырды?

3. Дағдарыстан шығу жолында барлық үш нұсқаға не ортақ болды ?

4. Қазіргі таңда жаһандық экономикалық дағдарыс жағдайында саясаткерлер үшін Ұлы депрессия тәжірибесінен қандай сабақ алуға болады?